

## Қызылорда облыстық энергетикалық инфрақұрылым және минералдық ресурстар басқармасына аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1434 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қызылорда облыстық энергетикалық инфрақұрылым және минералдық ресурстар басқармасына республикалық бюджеттен берілетін нысаналы инвестициялық трансферттер есебінен іске асырылатын инвестициялық жоба бойынша "Сыр Қуаты" акционерлік қоғамымен жасалған 2004 жылғы 20 ақпандағы N 4/1-04 шарт және 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 3 оған қосымша келісім бойынша аккредитив (бұдан әрі - аккредитив) ашу және оның қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен аккредитив ашсын және оны ұзартсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*